

«Аңғал батыр ауылнының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ – нің 2022 жылдың қыркүйектің 15- күнгі қамқоршылық кеңесі отырысының

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Катысқандар: қамқоршылық кеңесінің құрамы (6 адам), мектеп әкімшілігі.

Катыспағандар: 3

Күн тәртібі:

1. Кеңестен шығу туралы өтініштерді негізге ала отырып қамқоршылық кеңес мүшесінің төрайымын қайта сайлау
2. 2021-2022 оку жылында қамқоршылық кеңесінің қорытындысына талдау жасау
3. Жұмыс жоспарымен таныстыру туралы.
4. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Сөз кезегін директордың тәрбие жөніндегі орынбасары бастап, кеңес мүшелерін оқу жылының басталуымен құттықтап, күн тәртібімен таныстырып етті.

Сөз кезегін Қамқоршылық кеңестің төрайымы Абдрахманова Балауса Амангельдиновна бастап, өз сөзінде өзінің өтінішін негізге алғып, кеңес мүшесінің төрайымын қайта сайлауын ұсынды. Кеңес мүшелері біраз талқылап, бір ауыздан ауылдық медициналық пунктің медбикесін, комитет мүшесін Садуова Айгерим Булатовнаны ұсынды. Барлығы бір ауыздан келісім беріп, шешім қабылданды.

Келесі сұраққа көшетін болсақ, Балауса Амангельдиновна өткен оку жылында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Қамқоршылық комитеті өткен оқу жылында біраз жұмыстар атқарды, соның ішінде мектепішілік іс шараларға белсене қатысып, өз тараптарынан сыйлықтар алғып, халықтың ризашылығына бөленді. Әсіресе, Жаңа жылдық шырша мерекесінде үйде отырған мүгедек бала Громак Владимирге сыйлық алғып, үйіне барып, құттықтады. Сонымен қатар, басқа да балаларға сыйлықтыр алғып, ат салысып отырды. Наурыз мерекелері, Балаларды қорғау күнінде өз үлестерін қосты. Қорда жиналған қаржатқа, оның кіріс –шығысына Муканова Гульзар Шукировна есеп берді. 2021-2022 оку жылындағы атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылды.

Келесі сұраққа биылғы оқу жылына жоспар жасалынып, алда атқаратын жұмыстарға біраз ұсыныстар айтылды. Соның ішінде мектеп жанындағы балабақша жағдайы, мүмкіндік келсе, бұлдіршіндерге сыйлықтар алу, жалпы

әдептегідей мектепішілік іс шараларға одан жақсы белсене ат салысу айтылды. Алдағы уақыттағы болатын мерекелерге тоқталып өтілді. соның ішінде «Мұғалімдер күніне» (бигілғы жылы «День дублеров») ерекше көзге түсken мұғалімдерді марапаттау ұсыныстары айтылды. «Денсаулық Фестивалі- 2022» іс- шарасына ат салысып, марапаттау. Көмекке мұқтаж отбасыларға тоқталып, оларға қандай қосымша көмек жасауға болатыны туралы айтылып, оқушылардың мектеп формасы, кешкі уақыттағы түнгі жүрістер айтылды. Жоспардың үлгілерін жасап, Қамқоршылық комитеттің әр мүшесі өз ойын жеткізді.

Қамқоршылық бағыттагы жұмыстарды түгел қадағалау, оқушылардың құқықтарының сақталуы, қамқорлыққа түсken қаржыны орынды бөлу, мұқтаж балаларға жеткізу мәселелерімен айналысатындығы айтылып таныстырылды.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңестің мүшелері ретінде төмендегі тұлғалар тағайындалсын:

1. Төрайымы: Садуова Лігерим Булатовна -Аңғал батыр ауылдық округінің медициналық пунктің медбикесі

Мүшелері:

2.Абрахманова Балауса Амангельдиновна – ата- аналар комитетінің мүшесі

3. Сабурова Гульнар Рамазановна - үй шаруасында

4. Шахметова Сания Боранбаевна - үй шаруасында

5.Байбулатова Алмагуль Зениоллаевна -зейнеткер, «Аружан -2017» ЖШС аспазшы

6. Муканова Гульзар Шукировна - еден жуушы

7. Ержанова Нургуль Темирбековна – «Аружан -2017» ЖШС аспазшы

8. Мусатаева Айгүль Жакстышқовна - ауылдық медициналық пунктің тазалық сақшысы

9. Шайзадаева Галия Маратовна - Аңғал батыр а/о бас маманы

10. Жолдасова Индира Зейнуллиновна – Аңғал батыр ЖОББМ, хатшы

2. Қамқоршылық кеңес жұмысы белгіленген тәртіпке сай, жоспар бойынша жүргізілсін.

3. Хатшы ретінде Аңғал батыр ауылдының ЖОББ мектебінің мұғалімі И.З. Жолдасована тағайындалыу.

4. «Мұғалімдер күні», «День дублеров» іс-шараларын өткізуге ат салысу

Оғырыс тағайынмы:  А. Б. Садуова

Тәткінші:  И. З. Жолдасова

